

2016 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 29 ақпандағы № 4974 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 01 сәуірдегі № 5436 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес 2016 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А.Қайруллаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі

Н. Нәлібаев

Қызылорда қаласы әкімдігінің
2016 жылғы 29 ақпандағы
№ 4974 қаулысына қосымша

2016 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері	Мектеп жанындағы шағын орталықтарды қаржыландырудың жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері	Мектепке дейінгі ұйымдар ата-аналарының бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге)
Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту № ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы				Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қызмет алатын жекеменшік мектепке

					төлем ақысының ай сайынғы мөлшері	дейінгі ұйымдардағы ата-ана төлем ақысының ай сайынғы мөлшері
1	Қызылорда қаласы	16 623	24 390 теңге	18 488 теңге	10 000 теңге	(О н еселенген айлық есептік көрсеткіштен артық емес) 21 210 теңге

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК